

## ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІЛІК ТҮСІНІГІ\*

<sup>1</sup>Нысанбаев Әділет, <sup>2</sup>Қоңырбаева Күлсия

<sup>1</sup>adilet.16@mail.ru, <sup>2</sup>konurbayeva56@mail.ru

<sup>1</sup>С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті  
(Өскемен, Қазақстан)

<sup>2</sup>ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты  
(Алматы, Қазақстан)

<sup>1</sup>Nysanbayev Adilet, <sup>2</sup>Konurbayeva Kulsiya

<sup>1</sup>adilet.16@mail.ru, <sup>2</sup>konurbayeva56@mail.ru

<sup>1</sup>East Kazakhstan University named after S. Amanzholov  
(Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan)

<sup>2</sup> Institute for Philosophy, Political Science and Religious Studies of the  
CS MSHE RK (Almaty, Kazakhstan)

**Аңдатпа.** Мақалада Әлихан Бөкейханның әлеуметтік-философиясындағы әділеттілік жайлы идеялары зерделенген. Алаш көшбасшысының әлеуметтік саяси көзқарасы жаңа дүниетанымдық тұрғыдан қазақ қоғамын жетілдіру жолдары, автономия және ұлттық тәуелсіздік контекстінде айшықталды. Алаш көшбасшысының басты мақсаты тәуелсіз, ізгілікті, зайырлы қазақ қоғамын құру болды. Жалпыұлттық мақсатқа жету жолында ұлтты ұйыстыру бағыттары анықталып, әділетті қазақ қоғамын құрудың концепциялары жасалды. Ол қағидат-тар ұлтжандылықты, адалдықты, әділеттілікті, ұйымшылдықты қажет еткен жалпы адамзаттық прогресске жетудегі игі құндылықтарды орнықтырумен сипатталды. Әлихан Бөкейхан өзінің сараптамалық талдауларында адам жасампаздығы мен шығармашылық әлеуеті елдің экономикалық дамуын жеделдетумен қатар, адамдардың интеллектуалды және рухани жетілуінің алғы шарттары екендігін дәйектейді. Әлихан Бөкейханның ұлттың саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани өркендеуі жайлы ойларымен ұстанымдары қазіргі Қазақстанның болашақтағы даму барысымен үндесетіндігі ашылып көрсетілді.

**Түйін сөздер:** дүниетаным, дәстүрлі құндылықтар, ұлттық тәуелсіздік, қазақ мемлекеттілігі, еркіндік, адалдық, әділеттілік, ар-ождан.

### *Кіріспе*

Философиялық ой таразысында *әділеттілік* мәселесі ежелден толғанылуда. Өмірдің мамыражай тұрақты даму кезеңдерінде *әділеттілік* жайлы көп ойлана бермейтініміз анық. Әрине ол кездері *әділеттілік* жоққа айналмайды. Әділеттілік әлеуметтік-мәдени тәртіпті сақтаудың негізгі қызметін атқару барысында іс жүзінде жүзеге асырылып жататын үдеріс. Ал *әділеттілікке* деген қажеттілік әлеуметтік сілкіністер тұсында сезіле бас-

\* Мақала BR20280977 «Қазіргі жаһандық өзгерістер жағдайындағы әділеттілік мазмұнына және қазақстандық қоғамды іске асырудағы заманауи концептуалды тәсілдер» атты жоба ауқымында орындалды.

тайды. *Әділеттілік* түсінігі жекелеген факторларға байланысты: тарихи, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғылардан қарастырылады. Үйлесімді және әділ қоғамдық қатынастарды қалыптастыру – халықтың экономикалық мүмкіндіктеріне, әлеуметтік-мәдени дәстүрлері мен менталитетіне сәйкес келетін тиімді әлеуметтік саясатты әзірлеу және дәйекті жүзеге асыру. Қазіргі кезеңдегі әділетті қазақстандық қоғамның даму барысында халықтың ежелден қалыптасып, қордаланған өнегелі рухани мәдениет мәйегін әлемдік өркениет жетістіктерімен ұштастыру қажеттілігі артуда. Әсіресе, жаңа жаһандық мәселелер, атап айтқанда, әлеуметтік теңсіздіктің өсуі, теңсіздіктің жаңа формаларының пайда болуы және әлеуметтік геосаяси проблемалар – соғыстар, қарулы қақтығыстар және халықаралық терроризм жағдайында – *әділеттілік* деген не, және оны қалай жүзеге асыруға болатындығы туралы сұрақ туындайды. Біздің мақаламыздың негізгі арқауы *әділеттілікті* теориялық тұрғыдан талдау болғандықтан, ең алдымен, *әділеттілік* ұғымының мағынасын түсінуге, *әділеттіліктің* негізгі тұжырымдамаларына сипаттама беруге талпыныстар жасалады. *Әділеттілік* идеясын тарихи зерттеу Қазақстанның әлеуметтік-саяси өмірі үшін маңызы зор. Әділетті мемлекет құрудағы басты ұстаным ұлттық байлықтың тең бөлінуі, баршаға бірдей мүмкіндік беру.

### *Зерттеу әдістері*

Мақалада қойылып отырған мәселенің даму барысы мен нақты тарихи негіздеуде тарихилық принципі, жүйелілік әдісі пайдаланылды. Зерттеу объектісін жан-жақты тұтастай және іштей бірлікте қарастыру үшін диалектикалық әдіснама қолданылды.

### *Негізгі бөлім*

Ұлттың рухани дамуы қазіргі жаңа қазақстандық қоғамды қалыптастыру барысында өзектілігі мен көкейтестілігі артып отырған мәселе. Адамдардың дүниеге көзқарасын, дүние түсінігін, дүниетанымын өзгерту арқылы әділетті қоғам орнатуға мүмкіндіктер ашылады. Болашақ әділетті Қазақстанның әлеуметтік қатынастары санада рухани құндылықтарды орнықтыру негізінде сапалы деңгейге көтеріледі. Осы орайда Әлихан Бөкейханның саяси-философиялық тұжырымдарындағы әділеттілік түсінігін байыптау, қазіргі қоғамның сұраныстарына іргетас болатын ұстанымдар мен қағидаттарды түзуде бағдар болары сөзсіз. Алаш қайраткерінің философиялық пайымдаулары қазақ халқының тарихи даму барысын егжей-тегжейлі зерделеу арқылы қалыптасты.

XX ғасырдың басында Ресей империясы қазақ даласын түгелдей өз құрамына енгізіп, өлкеге ішкі Ресейден жерсіз шаруаларды әкеліп қоныстандырып, қазақ жерін шикізат өндірісі аймағына айналдырды. Жерінен ығыстырылған қазақ халқы еркіндігінен айырылып, өмір салты

өзгеріске ұшырады. Көшпелі жұрттың рухани құндылықтары, дүниетанымы басқа арнаға бұрылып, бөгде құндылықтар жайыла бастады.

Алаш қайраткерінің Патшалы Ресейдің озбырлыққа толы әділетсіздігіне қарсы саяси-философиялық ой-түйіндеулері ұлтты азат етудің әрбір қадамын, тетіктерін мұқият зерделеген еңбектерінде көрініс тапты. Ұлттық мемлекет құрудың теориясы мен алғышарттарын жасауда оныңсұңғыла ойлау машығы, тәжірибелі зерттеушілігі, парасат пайымына қоса терең білімі зор ықпалын тигізді.

Әлихан Нұрмұхамедұлының «Қазақ» газетасында Патшалы Ресейдің қазақтарға жасаған жауыздықтары мен жымысқы саясатын әшкерелеген мақалаларының негізгі арқауы әділдік, әділетсіздік, зұлымдық, адалдық, әділеттілік қатарлы ұғымдардытерең философиялық тұрғыдан талдап тарқатты. Сол кездегі қазақ қоғамында мешеулікті, бойкүйездікті, надандықты, кертартпалықты сынап отырып олардан арылудың жолдарын көрсетті. Алғашында ХХ ғасырдың басындағы Ресей мемлекетіндегі Қазан төңкерісінен кейінгі социалистік қоғам орнатқан Үкіметті қол астына қараған ұлттардың барлығына бірдей теңдік беріп, әділеттілік орнатады деп сенді. Енді орыс халқымен дін, тіл, діл айырмашылығына қарамастан, тереземіз тең деп ұйғарған Алаш қайраткерлері еркіндіктен айрылып қалмауға күш сала кірісті.

Әлихан Нұрмұхамедұлы ұлттың сапалық деңгейін көтеру үшін ғылым мен білім игеру қажеттігін бірінші кезектегі мәселе етіп қояды. Ізгілікті қоғамды құрушы адамдар өздерінің іскерлігі, білімі арқылы прогресске жетуге тікелей ат салысады. Алайда Әлихан түсінігінде адамға білімді болу жеткіліксіз.

«Ақыл да, ұсталық та оқумен, істеумен жүре ұлғаяды. Ендігі жерде білімнен мақсат шықпайды. Ғазазіл жұмақтан білімсіздіктен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жүзден астам адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. *Ұлтына жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден* деп білді. Мұсылманша, орысша оқыған білімді қазақтардың ішінен неше түрлі залалды мінез көріп жүрміз. Білімнен жақсы мінез шықса бұл қалай?» [1, 119 б.].

«Халық өз тағдырын өзі жасайды. Жұрттың тірлік күйде, я өлімтік күйде өмір шегуі өзінің жігерінен болады» – деген [2]. Ахмет Байтұрсынұлының намысын қайрау арқылы күреске шақырған жалынды сөздері қазіргі кезде де өз өзектілігін жойған жоқ. Сондықтан басыбайлы, еріксіз құлға айналудың өзі – өз еркің. Ол сенің таңдау еркіндігің. Бастарын бәйгеге тіккен намысты ерлер саяси күресті Ресей Империясының қол астында қызмет атқара жүріп жүзеге асырды. Ресейдің ұлттық саясатының сырты жылтыр, іші озбырлыққа тола болды. Алаш қайраткерлеріолардың жергілікті халыққа шовинистік қатынасын көздерімен көрді. Өздері де ұлттық идеялары үшін бірнеше рет түрмелерге қамалып, патша әкімшілігінің қатаң бақылауында болды. Дегенмен ұлттық еркіндік пен тәуелсіздік жайлы ой ешқашан ұлттық зиялылардың жадынан өшкен емес. Олардың басты мақсаты халықтың санасын ояту, тәуелсіздік жолындағы күреске шақыру болды. Міржақып Дулатұлының

«Оян қазақ!» шығармасы замана көшінен кенже қалған халқына үндеу еді. Прогресске жетудің амалы білім мен ғылымды игеру, адал еңбек ету деп білді. Ұлттық философиялық ой-санада ол желі үзілмей жалғасты.

Қазақ мемлекеттілігі, ел тәуелсіздігі жолындағы күрес туралы толғаныстарын Әлихан Бөкейхан 1915 жылы «Қазақ» газетіне «Екі жол» деген атпен жариялады. «Әр заманның өз рәсім, өз салты бар. Адам баласының құл кезіндегі салтында хұқы үшін талас-тартысы болмайды. Хұқы үшін таласу-тартысу орнында жылау болады. Бұл *бір жол*. Біздің замандағы салт: әркім хұқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды. Ендігі рәсім хұқы үшін жылау емес, хұқын талас-тартыспен қорғау. *Міне бұл екінші жол*». Бұл заманда жылап мұратқа жетем деу, аш түйенің күйсеуі болады... Талас тартыс, ақылмен, шешен сөзбен, көлденең келген көк атты құлағына тағарлық дәлелмен. Жарыс, күрес байымы бәйге, мұның гүлі хұқ. Хұқ құрдастығын алар өзге жол жоқ» [1, 154-155 бб.]. Қазаққа сөз үйреткен Әлихан еркіндік үшін күресудің жолдарын ашық жазды.

Ал Әлихан Бөкейханның адамгершілікке негізделген әділеттілік жөніндегі ойлары әлемдік деңгейдегі философтардың көзқарастарымен сәйкестікте өрбіді. *Әділдік* – бұл даналықтан бөлінбейтін қасиет. Мысалы Екінші Ұстаз Әл-Фарабидің пайымдауынша адамгершіліктік ілімдердің өзегін әлеуметтік-саяси мұрат құрайды. Философ бақыт туралы, барлық жан ең биік кәметтікке жету үшін жаралған, ол бұған өзіне тән болмыс сатысына сәйкес жете алады деген пайым жасайды. Әл-Фараби Платон мен Аристотельдің мінез-құлық мәселесі жөніндегі ойларын талдай келе, жанның өнегелі қасиеттері жөніндегі пікірде екеуінің арасында айырмашылық бар екендігін атап көрсетеді. Аристотель «Никомах этикасы» атты кітабында, барлық өнегелі қасиеттер өзгеріп отырады және бұлардың барлығы адамның табиғатынан емес, яғни адам өзінің әдетінің, дағдысының арқасында бұлардың бірінен екіншісіне өте алады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Ал Әл-Фараби болса осы қасиеттердің игілікті, абзал, жетілгендігіне қарау керектігін атап көрсетеді. «Сонда ғана біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» – дейді [3, 55-56 бб.]. Ойшыл адам мінезінің жақсы немесе жаман болуын шама, мөлшер, тең орта деген өлшемдер арқылы белгілейді. Әр нәрсенің шегінен шықпаған жөн деп есептейді. Әл-Фарабидің әділеттілік жөніндегі тұжырымы бойынша, қаланың барлық тұрғындарына тиесілі ортақ игіліктердің теңдей бөлінуі қажет.

Қазақ хандығының басқару құрылымындағы демократияның алғышарттарын Қ. Әбішев, адамдардың еркіндігін мойындаудан бастау алатындығымен ерекшелейді. Көшпенді шаруашылық жағдайында орталықсыздандырылған басқару формасының баландық формалары айқын көрініс табады. Кез келген рулық қауымдастық өз араларынан беделді және тәжірибесі мол адамды тандап алып, жергілікті әлеуметтік және экономикалық мәселелерді эскалациялық шарықтау шегіне жеткізбей, жергілікті деңгейде уақтылы шешіп отырған. Әдетте рулық қауымдастықты

өз жетекшілігіне билер алатын. ...Рулық қауымдастықтардың қалыптасуы және әр қауымдастыққа белгілі бір өкілдің бекітілуі сол кездің өзінде-ақ өкілетті демократияның алғышарттары болғанын көрсетеді. Дәл осы өкіл адамдар үш жүздің жиналысында халықтың мүддесін қорғап, иерархия жүйесінің ең жоғары баспалдақтарында тұратын билік өкілдерінің деспотиялық әрекеттеріне жол бермейтін. Халықтың өз өкілдеріне сенім артып, Ханның билігіне легитимдік қатынас білдіруі бұрындары Жан-Жак Руссо негізін салған «қоғамдық келісім» сияқты модельдің де Қазақ хандығында кең етек жайғанын білдіреді [4]. Дәстүрлі көшпелі қоғамның билік өкілдері мен әлеуметі арасындағы қатынастардан демократияның алғышарттары болғандығын байқаймыз. Әрине ғасырлар тоғысында саяси құрылымдармен қатар мемлекеттік құрылымдар да өзгеріске ұшырап отырды. Халықтар мен мемлекеттердің жойылуына қатер төнген сәттерде әлеуметтік-саяси ой санада оларды сақтап қалудың жолдары қарастырылғаны белгілі.

Этностың өмір мәнді құндылықтарына айналған әдет-ғұрып заңдары мен адамгершілікті-этикалық қағидаттары ұлттық өзіндік болмысын айқындайтын белгілерінің бірегейі. Бұл заңдылықтар ел ішінде тәртіп және тыныштықты сақтады. Ұлан ғайыр кеңістікте көшіп-қонып тұрмыс кешкен жұртта күштеу органдары мен түрме сияқты қамау орындары болған жоқ. Руластар арасындағы даулы мәселелер күн төлеу мен айыппұл салу арқылы шешіліп отырды. Қазақ ағартушыларының дала заңдарының оңды тұстарын, билердің әділ шешімдерін дәйектеген ұсыныстарының ұлттық болмысты сақтап, тарихи сабақтастықты жалғастыру еді. Шоқан Уәлиханов өзінің «Сот реформасы жайындағы хат» атты еңбегінде сахара жұртының өзіндік өнегелі құндылықтарын жан-жақты талдап түсіндірме жазбаларын ұсынады. Мировой судья мен қазақтың билер сотын салыстыра зерттеген ғалым, мировой сотта ерен формальдылық және бюрократтық белгілердің басымдылығын ашып көрсетеді. Қазақты орыс заңымен соттауға болмайтынын ескертеді. «Өзіне етене таныс, сонымен тәрбиеленіп, сонымен өсіп-өнген заң ғана халық үшін жайлы болмақ. ...Қазақтағы рулық әдет-ғұрыпта, рулық қатынас үстемдік құрып отырған жағдайда, қазіргі кезде қызмет көрсетіп отырған билер соты басынан кешкен өмірінде халықтың өзі өндірген өнімі есепті, оның елінің ерекшелігінің ықпалымен өсіп-өркендеуінің жемісі есебінде халықтың өркендеуін толық қанағаттандыра алады» [5]. Шоқан Патша өкіметінің қабылдап жатқан Сот реформасында ұлттық ерекшелікті қаперде ұстауды батыл айта алды.

Әкімшілік реформаларды жүргізуде әділеттілікті талап еткен Шоқан пікірлерінің өзектілігі мен маңыздылығы Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның еңбектерінде әрі қарай жан-жақты зерттелді. Рухани өмірдің бағдары болған адамшылыққа негізделген ізгілікті құндылықтар қазақтың еркіндігінен айрылған кездерінен бастап өзгеріске ұшырады. Ә. Бөкейхановтың пікірінше: «Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жұғымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйрік шешен билерден келе жатқан

әз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды», – деп жазды [1, 167–168 бб.]. Дәстүрлі көшпелі қоғамда қалыптасқан әдет-құқығы мен билер салған сара жолды сақтап қалуға ұмтылды. Ойшылдың бұл туындылары адам құқығы саласымен шектелмеген. Сонымен қатар ол еңбектерде қоғамның саяси-әлеуметтік мәселелерінің эволюциясы, әлеуметтегі қоғамдық тарихи даму үдерісінің ерекшеліктерін талдайды.

Шоқан өз заманындағы «барымта» сияқты әлеуметтік құбылысты қазақ ұғымынша түсіндірді. «Қазақта барымтаға кейде заң жүзінде рұқсат етіледі. Ұрлыққа, тонауға, мал айдап кеткенге айып төленеді, ал барымтаға ештеме төленбейді. Барымта дегеніміз – қайтарылатын қалың мал, төленетін күн үшін құныкер адамның малын немесе затын, жалпы өзгенің жеке меншігін тартып алу. Ертеде былай да болған-ды, күшті рулы қазақ өзінен әлсіз қазаққа кісі өлімі үшін күн, немесе тіл тигізіп қорлағаны үшін айып төлемеген, кісі өлтіріп құныкер бола тұра, немесе кешірілмес қастық жасай отырып, сотқа шақырғанда келмеген де. Сонда ру мәжілісінің ұйғарымы бойынша, қорланған, зәбірленген адам барымта алуға аттанып, ауылын шауып, менменсінген өркөкіректі бас идіреді. Екі жақ келісімге келгеннен соң, ешқандай айыпсыз, барымталанған малының шырқы бұзылмай қайтарылады. Барымта тападай тал түсте, қажет болған жағдайда күшпен немесе жасырын, түнделетіп жасалады. Жасырын барымталағанда үш күннен қалдырмай, егескен адамына мәлімдеп, не үшін жасаған себебін айту керек. Өйтпеген жағдайда барымтасы ұрлық саналады» [5, 145 б.]. Ойшыл қазақтардың әдет-ғұрыптарына, әсіресе барымтаға деген көзқарасына үкіметтің қатал қарауы әділетсіздік болады деген тұжырым жасайды. Шоқан тұсында қазақы ортада қылмыс саналмайтын осы рәсім ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы үшін ұрлыққа жатқызылды. Осы мәселе жөнінде Әлихан 1913 жылы «Қазақ» газетіне «Ұры тыю» деген мақала жазды. «Біздің қазақ мұсылманмын дегенмен, құранды ұстағанымен, ресімнен шыға алмай, ұрлыққа бата беріп отыр.... Енді ғұмырдың өзгерілгендігіне қарай ұрлыққа әдіс қылмаса болмайды» Алаш көшбасшысы орыс мұжығымен қоныстас болып отырған кезде, мұжық малы жоғалса қазақ көршісі төлесін деген жарлық шыққалы, осы рәсімді терістейді. «Барымта қазақ атына таңба, ұят» – дейді [6]. Дәстүрлі мәдениетте әділеттілік орнатудың бір тетігі болған осындай рәсім, мына келген заманда қылмыстық іс болып саналады. Әлихан барымтаның да бірте-бірте жойылатынына сенді. Ойшыл халық дәстүрлерінің озығы мен тозығын ажыратып талдап түсіндіреді. Өркендеудің прогресті жақтарына лайықтысына таңдау жасауды көрсетті. Ол өзінің публицистикалық мақалалары арқылы ұлттың адамгершілікті-этикалық тұрғыдан жетілуіне зор ықпал етті.

Дәстүрлі билер мектебінен тәрбие алған, ата-бабасынан жалғасын тапқан дуалы ауыз, қара қылды хақ жарған әділ де адал соңғы биі Абай: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған «Қасым ханның қасқа жолын», «есім ханның ескі жолын», Өз Тәуке ханның Күл төбенің басында күнде кеңес болғандағы «Жеті жарғысын» білмек ке-

рек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді. Ондай кісі аз, яки тіпті жоқ» [6]. *Абайдың айтқанындай, жаңа ғасыр сын-тегеуріндері сақара жұртының кейбір рәсім салтын өзгертуді қажет етті.* Қазақ халқын прогресске, өркениеттік дамуға бастайтын жаналықты енгізу жөніндегі Шоқан, Абай, Әлихан көзқарастары бір арнаға тоғысты. Ағартушылық кезең ойшылдары мен Алаш зиялыларының дүниетанымымен дүние түсінігінің үйлесімділігі негізінде сол кездегі қазақ қоғамдық қатынастарының философиялық түйіндімәселелері шешімін тапты.

Құқық саласында *әділеттіліктің* заңды мәні және бүкіл құқық жүйесінің *әділеттілік* қағидатына тәуелділігі туралы пікірталастар толастамайды. *Әділеттілікті* заңдылықпен сәйкестендіру үрдістері мәселеге айналуға, бұл әділетсіз заңдардың пайда болуына соқтыруы мүмкін. Бұл саладағы зерттеулер қоғамда *әділетсіздікті* анықтауға ғана емес, сонымен қатар оны азайтуға да ықпал етеді. Егер *әділеттілік* әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылса, осы бағыттағы маңызды нәтижелерге қол жеткізуге болады. *Әділеттіліктің* мәдениет пен қоғамның өмір сүруі мен жұмыс істеуі үшін өте маңызды ерекше құбылыс екендігін ғана емес, сонымен бірге оның мәселелік мазмұнын, ең алдымен, оның құндылығы мен нормативті құрылымын көрсету арқылы нақтылауға мүмкіндік береді.

Қазақтардың болыс сайлауын өткізу барысын бақылап, зерделеген Әлихан «Сайлау» жөнінде бірнеше зерттеу мақаласын жазады. «Қазақ сайлауы жұртқа келген бір жұт: сайлау жылы мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз, малшыдан басқа үйде отырып шаруасын қараған адам болмас. ...Сайлау жылы қазақ ғұмыры осымен өтеді. Осыншама бүлінгендегі мақсаты болыс, би, елу басы, старшын болмақ, дұшпанынан кек алмақ, намысқа тырыспақ, момын бұқара халыққа алым-шығынды аударып тастап бай болмақ. Мұнан қазақ халқына келешек уақытта не пайда? Болыс болуда не қасиет?» [1, 119 б.]. Мұжық сайлауы мен қазақ сайлауының арасында жер мен көктей айырмашылықты талдап көрсетеді. Қазақ арасындағы сайлауды Еуропа жұртының сайлауымен салыстыра зерделейді. «Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды. ...Қазақтың қайбір облысында өткен сайлауда орысша хат білмейтін кісі болыс болмайды деп, қазақтың бұрыннан болыс болып жүрген қадірлі кісісін жолдан қалдырды. Қазақ болысы орысша хат білсін, орысша хат білмесе тасқа түсуге жарамайды деген закон бұ күнге дейін жоқ. Сөзін адам тыңдамайтын, халыққа қадірсіз сорлы жастар «Мен орысша білемін!» – деп болыс бола қалды» [1, 127 б.]. Патша үкіметінің басқару жүйесі дәстүрлі қоғамның ерекшеліктеріне нұқсан келтіріп, қайшылықтарға соқтырды. Қазақтар арасында паракорлық, екіжүзділік, бойкүйездік сияқты жаман әдеттер қалыптасты. Бұл жерде тереңнен біліне бермейтін дүниетанымдық тұрғыдағы өзгерістер әрине құндылықтарды қайта бағалауда болып табылады. Әлиханның сол кездері жазған еңбектерінің барлығы дерлік қазақ даласындағы экономикалық және әлеуметтік дағдарыстардан шығу жолдарына арналған.

Әлихан түсінігіндегі болыс болатын адам – халықтың пайдасын білетін, жөн-жоралғыны білетін, әділ, сөзі жұртқа өтімді, құрметті адам болуы тиіс. Сахарада ел билеудің талай ғасырлық тәжірибесі болды. Ел өз тізгінін тұлға дәрежесіне жеткен адамдарға ұстатқан. Әлихан дәстүрлі құндылықтардың кертартпалы ескі рәсімдерін сынады. Ел-жұртын прогресске, өркениеттік дамуға жетелеу жолдарын өз зерттеулерінде талдап көрсетеді. Орыс мұжығының білуінше жұмыс қыла білмеген кісі адам емес, сабантас ұстай білмеген адам ер есебінде емес, ... мұжық білуінше жұмыстан басқа мал табатын жол жоқ. Еңбек ету адам болмысының іргелі ұстанымы болуға тиіс деген қорытынды жасайды. Қазақ санасына еңбек етудің жаңаша түсінігін ендірді. Басқа халықтардың ғылым мен білімді игеріп ақылмен табысқа жетіп, әлеуетін арттырып отырғанын дәйекті сөзбен жазды. Ойшыл пікірінше адам баласының өзге жаратылыстардан айырмашылығы ақыл иесі болуы мен қолы шебер болуында. Шеберлікті шыңдау оқумен, үйренумен болатын нәрсе.

Әлихан Нұрмұхамедұлының әділеттілік жөніндегі түсінігі оның Еуропа жұртының теріс әрекеттері жөніндегі пікірінен анық байқалады. Еуропа мәденимін деп мақтанғанымен мәденилігі ұсталықта ғана, мінезі хайуандық сапарынан қайтқан жоқ. «Адам баласын өзіндей сүй» деген Иса пайғамбардың пікірін аузы айтқанымен, Еуропаның мәдени халқы қасқырлыққа құл. Ғұмыр тартыс-талас, ғұмыр жүзінде орын аламын десен ұсталық, жаһидшілдік зор мақсұд. Таласып-тартынбаған кісіге де, халыққа да тәмәм қасқыр арасында бәйге жоқ [1, 204 б.]. Гуманист ойшылдың тұжырымдары қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғам дамуы барысында қаперде ұстайтын қағидаттар. Әлиханның халықаралық мәселелерді жіті бақылап, жасаған сараптама-лары тарихи оқиғалар барысына берген әділ бағалары саяси парасат-пайым тереңдігін көрсетеді. Түркияға соғыс ашқан Болгар, Серб, Қаратау мен Грек патшалықтарының іс-әрекетін былай деп сынға алады: «Бас салып әлі келгенді тал түсте талап алатын болса, ұят-абыройдан тысқары болса, жығылған жаққа қылғаны иттік болса, мұның жетілген Еуропалығы, христиандығы қайда?» [1, 204 б.]. Бұл соғысты әділетсіз деп білді.

Саяси көзқарасы толықтай жетілген, ұлт жетекшісі Әлихан Бөкейхан айналасына қазақ зиялыларын топтастыра алды. Олар қазақтың «Алаш» ұлттық партиясының негізін қалап, бағдарламасын жасады. Алашорда үкіметін құрды. Бұл кезде Әлихан марксизмнің экономикалық қағидаларын оқып үйренген, халықарадағы саяси күрес түрлері мен әдістерінен хабардар, тәжірибелі көшбасшы дәрежесінде толысқан еді. Алғашында мемлекеттің автономдығы туралы мәселеде қазақ зиялылары қазақ ұлты буржуазиялық конституциялық демократиялық партиясының құрамында болып автономия алады деп сенді. «Мен кадет партиясынан неге шықтым?» деген еңбегінде Әлихан Бөкейхан кадеттермен өзінің үш мәселе бойынша келіспейтіндігі жайлы айтады. «Кадет партиясы жер адамға меншікті боп берілсе жөн дейді. Ал біздің қазақ жерді меншікті қылып алса, башқұртша көрші мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді. Кадет партиясы менің бұл пікіріме өзгеше қарайды» [1, 268 б.]. Әлихан Бөкейхан осыдан соң «Алаш» партиясын құруға ұмтылды. Қазақ елінің тәуелсіздігіне және мемлекеттік



билікке қол жеткізу үшін саяси жүйе жасау қажет. Демек, дербес ұлттық автономия құру қажеттілігі алға шықты. Қазақ ұлтының автономиясы ендігі жерде тұрмыс халдегі туысқан автономиясы емес, жерге байлаулы автономия болмақ. Алаш көшбасшысының бұл ойлары, болашақ қазақ халқының басына төнетін қасіреттерді сезінгенін, белгілі дәрежеде ахуалды болжағанын көрсетеді.

### Қорытынды

Әлихан Бөкейханның шығармашылығының әлеуметтік-саяси және философиялық көзқарасы негізінен қазақ қоғамын прогресске жеткізу идеясы болды. Ойшылдың дүниетаным көкжиегінің ауқымдылығы мен зор білімпаздығы оның сараптамалық талдауларынан айқын көрінеді. Әлихан пайымдауында адам жасампаздығы мен шығармашылық әлеуеті елдің экономикалық жағынан дамуын жеделдетеді. Алаш көшбасшысы қазақ қоғамын төл мәдениеті мен ұлттық салт-дәстүрлерін сақтай отырып, батыс өркениетінің үлгісі бойынша эволюциялық жолмен дамуын қалады.

Қазақ зиялыларының идеялары, олардың арман-тілектері бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатыр. Алаш қайраткерлерінің армандаған Ұлттық Автономиясы Қазақ елінде орнады. Енді азат, тәуелсіз қазақ ұлты өз еркіндігін алған тұста – оның алдағы тағдыры өз қолында. Алаш зиялыларының рухани-өнегелілік және дүниетанымдық ұстанымдарын зерделей келе, ғылыми тұрғыдан дәл анықталған ұғым-түсініктерді кездестіреміз. Жаһандану процестері өмірдің барлық салаларын қамтып, дәстүрлі мәдени құндылықтар ығыстырылуда. Бұл жағдайда экономикалық тәуелсіздікпен қатар, рухани тәуелсіздіктен айрылып қалмау мәселесі тұр. Ғасырлар бойы қордаланған руханият жетістіктерін бүгінгі күннің кәдесіне жарата отырып, еркіндік жағдайында дамуды дұрыс жолға қоя білу керек. Ұлтымыздың әлеуеттілігін арттыруда алаш зиялыларының адами биік тұлғасы ерекше рөл атқарады. Алаш зиялылары көздеген түпкі мақсат мүддеге *берік, табанды, төзімді, қайратты, жігерлі болғандығы* олардың күрескерлік іс-әрекеттерінде көрініс тапты. Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың: «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет. Ал әділдік – қоғам дамуының маңызды шарты – деген ойлары қазіргі кезеңдегі қазақстан қоғамының бағдар шамы іспетті [8].

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Бөкейханов Ә. Таңдамалы. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
- 2 Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
- 3 Әл-Фараби философиясы. Жиырма томдық, 3-том. Астана: Аударма, 2005. – 496 б.
- 4 Мемлекет, оның басқару формалары / Жалпы ред. басқ. З.К. Шаукенова, С.Е. Нұрмұратов = Мышление как творчество / Коллективная монография / Под общ.ред. З.К.Шаукеновой – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 224 б.
- 5 Уәлиханов Ш. Таңдамалы, 2-бас. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 6 Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: Ел, 1993. – 78 б.

7 «Қазақ» газеті. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

8 Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» // Егемен Қазақстан, 2 қыркүйек 2022.

### *Transliteration*

1 Bukejhanov Ә. Tandamaly [Selective]. – Алматы: Qazaqstan, 1994. – 384 b.

2 Bajtursynov A. Adebiet tanytqysh. Zertteu men olender [literarycritic. Research and Poems]. – Алматы: Atamura, 2003. – 208 b.

3 Al-Farabi filosofiyasy. Zhiyrma tomдық [The Philosophy of Al-Farabi. Twenty Volumes], 3-tom. – Astana: Audarma, 2005. – 496 b.

4 Memleket, onyn basqaru formalary [The State, Itsforms of Government] / Zhalpy red. basq. Z.K. Shaukenova, S.E. Nurmuratov = Myshlenie kak tvorchestvo / Kollektivnaya monografiya / Pod obshch.red. Z.K. Shaukenovoj – Алматы: QR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu instituty, 2014. – 224 b.

5 Ualihanov Sh. Tandamaly [Selective], 2-bas. – Алматы: Zhazushy, 1985. – 560 b.

6 Abaj. Qara soz. Poemalar [Poems]. – Алматы: El, 1993. – 78 b.

7 «Qazaq» gazetі [Newspaper «Kazakh»]. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Qazaq enciklopediyasy» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

8 Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin Qazaqstan halqyna Zholdauy. «Adilette memleket. Birtutas ult. Berekeli qoram» [«A juststate. United Nation. Blessedociety»] // Egeмен Qazaqstan, 2 qyrkyjek 2022.

### **Нысанбаев Ә., Қоңырбаева К.**

#### **Понятие справедливости в социальной философии Алихана Бөкейхана**

*Аннотация.* В статье рассматриваются идеи о справедливости в социальной философии Алихана Бөкейхана. Социально-политические взгляды Алашского лидера освещены с новых мировоззренческих позиций в контексте совершенствования казахского общества, проблемы автономии и национальной независимости. Главной целью Алашского лидера было создание независимого, гуманного, светского казахского общества. Определены ориентиры консолидации нации для достижения общенациональной цели, разработаны концепции создания справедливого казахского общества. Он характеризовался установлением добрых ценностей в достижении общечеловеческого прогресса, принципы которого требовали национальности, честности, справедливости, сплоченности. В своем творчестве Алихан Бөкейхан утверждает, что созидание и творческий потенциал человека являются предпосылками интеллектуального и духовного совершенствования людей, а также ускоряют экономическое развитие страны. Мысли и идейные установки Алихана Бөкейхи о политико-социальном и культурно-духовном развитии нации способствуют процветанию современного Казахстана.

*Ключевые слова:* мировоззрение, традиционные ценности, национальная независимость, казахская государственность, свобода, справедливость, совесть.

### **Nysanbayev A., Konyrbayeva K.**

#### **The Concept of Justice in the Social Philosophy of Alikhan Bokeikhan**

*Abstract.* The article examines the ideas of justice in the social philosophy of Alikhan Bokeikhan. The socio-political views of the Alash leader are highlighted from new ideological positions in the context of improving Kazakh society, the problem of autonomy and national independence. The main goal of the Alash leader was to create an independent, humane, secular Kazakh society. The guidelines for the consolidation of the nation to achieve a national goal have been defined, and concepts for creating a just Kazakh society have been developed. It was characterized by the establishment of good values in achieving universal human progress, the principles of which required nationality, honesty, justice, and cohesion. In his work, AlikhanBokeikhan argues that the creation and creative potential of a person are prerequisites for the intellectual and spiritual improvement of people, as well as accelerate the economic development of the country. Thoughts and ideological attitudes of Alikhan Bokeikhan on political, social and cultural issues contribute to prosperity of modern Kazakhstan.

*Key words:* worldview, traditional values, national independence, Kazakh statehood, freedom, justice, conscience.